

Орман қоры жерінің жекелеген участеклерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 158 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Үштөбе орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан жалпы ауданы 1,3963 гектар жер участеклері электр беру желісінің тіректерін орналастыру үшін өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

2. "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің тенгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 3 сәуірдегі
№ 158 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылатын жер участеклерінің экспликациясы

Жер пайдалануышының атауы	Жалпы ауданы, гектар	Оның ішінде:			
		Орман көмкерген	жайылымдар	шабындықтар	Өзге жерлер
1	2	3	4	5	6

"Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғитты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Үштөбе орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1,3963	0,7655	0,0568	-	0,574
Барлығы:	1,3969	0,7655	0,0568	-	0,574

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК